



BÜGINGI SANDA

Тарихи ескерткіштер телеатласы жарық көреді



2 >>>

Ғылымды қолдау – жетістікті ойлау



3 >>>

Қызға қоғам қорған болса...



4 >>>

Sapar

## Жұлдызды қаланы жаңғырту жобалары

Кеше ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин жұмыс сапарымен «Байқоңыр» кешенінде болып, облыс әкімі Қырымбек Көшербаевпен бірге бірқатар нысанды аралады.

Мәртебелі мейманның сапары «Нулевой квартал» аталатын аумақтағы кешеннен басталып, одан кейін «Россия» қонақүйіне жасалып жатқан жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Осыдан кейін Үкімет басшысының бірінші орынбасары Асқар Мамин мен облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жұлдызды қалада Қазақстан тарапынан салынып жатқан тұрғын үйлер құрылысын көрді. Соңғы жылдары Мемлекет басшысының тапсырмасымен тұрғындарының 50 мыңға жуығын қазақстандықтар құрайтын қаланың тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, әлеуметтік мәселелерді бірлесіп шешу бағытында бірқатар жұмыс қолға алынды. Соның бірі – көпқабатты осы 5 тұрғын үй. Әрқайсысы 50 пәтерлік тұрғын үй құрылысымен Қармақшы ауданының әкімі Сұлтан Мақашев таныстырды.

Арендальдық үйлер негізінен халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған тобына, баспана жағдайын жақсартуды



ұзақ жыл күткен бюджеттік сала қызметкерлеріне арналып отыр. Сондай-ақ, облыс әкімі бұл үйлерден «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенінің маман-

дары да пәтер ала алатынын атап өтті. Үйлер құрылысы, оларға инженерлік инфрақұрылым тарту толығымен республикалық бюджет есебінен жүзе-

ге асырылады. Бүгінде мұнда жылу, су және қарыз құбырлары мен электр желілері тартылуда. Қармақшы ауданының әкімі

С.Мақашевтің айтуынша, бастапқыда бұл үйлерді жылумен қамтамасыз ету үшін қалалық жылу электр орталығына қосу жоспары болған. Бірақ бұл өте қымбатқа түсетіндіктен кейіннен табиғи газбен жылытылатын жеке модульді қазандықтар қою туралы шешім қабылданды. Қазір құрылыс қарқынды жүргізілуде. Көпқабатты үйлерді жыл аяғына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр.

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин тұрғын үй құрылысын жүргізіп жатқан мердігер компания жетекшілерімен әңгіме барысында қаланың әлеуметтік мәселелерін шешу бастамасының жалғаса беретінін жеткізді. Жоспар бойынша мұнда қазақстандықтар үшін 20 көпқабатты тұрғын үй салынады. Алдағы жылдан бастап жұлдызды қалашықта «7-20-25» бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысы басталады.

№277 орта мектепте Байқоңыр қаласындағы білім беру үдерісіне қатысты мәселелер талқыланды. Мұндағы білім саласының жай-күйі туралы Премьер-министрдің бірінші орынбасарына облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдбекова тарқатып айтты. Қаладағы мектепке дейінгі білім ұйымдарына келсек, барлық 13 балабақшаның 12-сі ресейлік. Қазақстандық білім стандарты бойын-

ша тек жалғыз балабақша ғана жұмыс жасайды. Балғындар білім ошағына дайын болуы үшін білім мен тәрбие қазақстандық стандарт бойынша берілуі тиіс. Майра Мелдбекованың айтуынша, бұл мәселе де кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді. 2019 жылы қалада 3 балабақша салу жоспарда бар.

Нақты кезеңде Байқоңыр қаласындағы 8 орта мектеп қазақстандық білім беру стандарты бойынша жұмыс жасайды. Оларда сабақ мемлекеттік тіл – қазақ тілінде жүргізіледі.

Облыстық білім басқармасы басшысы атап өткендей, бүгінгі таңда Байқоңырда 1500 қазақстандық бала Ресей стандарты бойынша білім алууда. Оларды қазақстандық білім беру жүйесіне көшіру жоспарланып отыр. Сондай-ақ, ресейлік мұғалімдердің жалғасын қазақстандықтардың еңбек-ақысынан жоғары екендігі де айтылды.

Бұл мәселе қазір Білім және ғылым министрлігінің қарауында жатыр. Сонымен қатар, 600 орындық жаңа мектеп салу немесе тағы бір мектепті қазақстандық стандартқа көшіру туралы ұсыныс дайындалуда. Бұл Үкімет-аралық келісімдер аясында шешіледі.

Мамандар пікірін мұқият тыңдаған ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары бұл бағыттағы жұмыстарға оң баға берді.

Jaña nysan

## FORTEBANK ЖАҢА ҒИМАРАТТА

Кеше Қызылорда қаласында ForteBank-тің жаңа ғимаратының ашылу салтанаты өтті. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Айнұр БАТТАЛОВА.



– Бүгінде Сыр елі тәуелсіздіктің, Елбасының сарабал саясатының арқасында республикамыздың қарқынды дамып келе жатқан маңдайалды 5 аймағының қатарында. Экономикалық-әлеуметтік салаларда айтарлықтай даму бар. Осы орайда елімізде екінші деңгейлі банктер ішінде заманауи үлгіде өркендеп келе жатқан ForteBank-тің біздің облыс орталығынан жаңа филиалын ашуы біз үшін маңызды деп ойлаймын. Елбасының тапсырмасы аясында облыста жаппай кәсіпкерлікті дамыту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Аймақтағы бизнесті өркендетуде тұрақты әрі заманауи қызмет көрсетуді қолға алып, қарқынды дамып келе жатқан ForteBank-те өз үлесін қосады, маңызды жобаларды бірге жүзеге асырамыз деп сенеміз, – деді аймақ басшысы.

Салтанатты шарада «ForteBank» АҚ Басқарма төрағасы Гурам Андроникашвили сөз алып, қолдау білдірген аймақ басшысына алғысын білдірді.

– ForteBank еліміздің барлық аймақтарында жаңа үлгідегі жоғары технологиялық бөлімдерін ашуды жалғастыруда. Өткен жылдың мамыр айында біз Қызылорда қаласындағы филиал құрылысын бастадық. Бүгін, міне, сол ғимаратты ашып отырмыз. Біз

сіздермен бірге жұмыс жасауға дайынбыз. The Financial Brand баспасының нұсқасы бойынша біздің офистеріміз банк бөлімшелерінің ең үздік дизайны қатарында. Біз жаңа сервистер жасай отырып, инновация мен технологияға зор көңіл бөлеміз, кезекке тұруды азайтып, банкпен қарым-қатынас процесін барынша жайлы, қолайлы әрі пайдалы етуге тырысудамыз, – деді ол.

Онан соң шараға жиылған жұртшылық жаңа ғимаратпен танысты. Айта кету керек, банктің облыстық филиалының клиенттері қатарында 30000-нан астам жеке тұлға бар. Сондай-ақ, 2000-дай кәсіпкер осы банк қызметін пайдаланады. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының белсенді қатысушысы саналатын филиал бөлінген қаражатты игеру бойынша бірнеше рет алғашқы үштікке енген. 2017 жылдың қорытындысымен филиал облыстағы екінші деңгейлі банктер арасында рұқсат етілген жобалар саны мен сомасы бойынша екінші орынға ие болса, биыл филиал 300 млн теңгенің 9 жобасын қаржыландырған. Қазіргі уақытта 1 млрд теңгенен астам қаржыға 12 жоба жүзеге асырылуда екен.

Суретті түсірген Б.ЕЖАНОВ.

Forым

## КЕМЕЛ ҚОҒАМ ҚҰРУДАҒЫ КЕЛЕЛІ ӘРІПТЕСТІК

Кеше «Достық үйінде» «Азаматтық қоғам және мемлекет: Диалог. Ынтымақтастық. Жауапкершілік» VIII облыстық Азаматтық форум өтті. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, өңірде белсенді жұмыс атқаратын үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Форумда аймақ басшысы мүмкіндіктері мол, кәсіби білігі мен ұстанымы биік қоғамдық бірлестіктердің елдің қуатын арттырып, мемлекеттің тұрақтылығын күшейтудегі маңызын атап өтті. Елбасы Жолдауында көтерілген бастамалар – «Жастар жылы», «Ауыл – ел бесігі», «Өз жеріңді танып, біл!», мектептерде әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын дамыту «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсат-міндеттерімен үндесіп жатыр. Оларды жүзеге асыруда мем-

лекет, бизнес және үкіметтік емес ұйымдар үштігі күш біріктіруі тиіс.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде демократия мен азаматтық қоғамның негізгі институттары құрылды. Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар бастамаларына мемлекеттік гранттар беру және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бөлу жүйесі қалыптасты.

Біздің облыстағы қоғамдық ұйымдар саны

2-бет

## Теңізді ауданның тартуы

Сейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойы аясында жаңғыртылған аллеяның ашылу рәсіміне және мерекелік концертке қатысты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Аралдықтар Қызылорданың қос қасырлық мерейтойына орай қалалық сапаржай алдындағы 2000 шаршы метр болатын аллеяны қалпына келтіру, абаттандыру жұмыстарын жүргізген. Жаңғырту жұмыстарымен танысқан аймақ басшысы ауданның қоғамдық саяси өміріне белсенді араласып жүрген азаматтармен кездесті.

Ал А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде Арал өңірі өнерпаздарының «Теңіздің толқынынан маржан шашып, жырлайды айдынды Арал жұлдыздары» атты концерті өтті. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауының аясында ұйымдастырылған шарада Арал перзенті, жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының желісімен қойылған көрініс

ел назарына ұсынылды. Сондай-ақ, «Нұртуған» мектебінің түлектері дәстүрлі әншілер мен жыршы-термешілер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші, композитор, ақын Мұрат Сыдықов, «Ақтолқын» би ансамблі және бірқатар өнер иелері ән-жырмен сусындатты.

Теңізді ауданның саз сәлемін жеткізген кеште ауданда биыл жүзеге асқан жұмыстар да аталып өтті. Айталық осы жылы тәуелсіздіктің басты нышаны ретінде «Рәміздер алаңы» ел игілігіне берілген. Аудан орталығында ашық спорт алаңы салынса, №14 мектеп-лицейінің қосымша нысаны және орталық аурухана құрылысы жақын арада пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, жуырда апатты жағдайдағы үй тұрғындарына 27 үйдің кілті табысталған.



Mártebe

## АРМАНЫ БІК АЙДАНА



Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

«Неткен сен бақытты ең, келер ұрпақ, Жүзіне көп қараймын мен таңырақ». Дәуір дауысын жеткізген ақын Қасым Аманжоловтың бұл жалынды жыр жолдарын бүгінгі жастарға қарата айтуға болатындай. Шынында, қазір біздерге жол ашық. Саналы білім алып, кәсіби білікті маман атануға келергі жоқ. Шекара асып, шетелде білім алуға берілген мүмкіндік те – қолдаудың айқын дәлелі. Ел ішінде де Назарбаев университеті секілді әлемдегі жоғары оқу орындарының тізіміне енген білім ордалары бар. Мұнда ілім жолында із қалдырып, тың тәжірибені игеруді қалайтын студенттер оқиды. Жерлесіміз Айдана Бағдат салаларын қатарында.

4-бет

## Baspasóz – 2019



Газетке жарты жылға жазылу бағасы: Мекемелер үшін – 4000 теңге Жекелер үшін – 3000 теңге

Бір жылға жазылу бағасы: Мекемелер үшін – 8000 теңге Жекелер үшін – 6000 теңге





